

С.А. АЛИЕВА

Д.ИСАБЕКОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЙТАЛАМА СӨЗДЕР МЕН БІРЫНҒАЙ МҰШЕЛЕРДІҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ

М.Балақаев, Е. Жанпейісов өздерінің «Қазак тілінің стилистикасы» атты еңбектерінде сөйлемдердің стильдік кескінін сөз еткенде, олардың құрамындағы мұшелердің тек санына қарамай, сапасына қарау керек екендігін атап өтеді [1]. Әдетте сөйлемдегі сөздер барынша сығымдалған, аз сөзben көп мағына беретіндегі болмай, шұбалаңқы болса, не бір сөз бір және іргелес сөйлемдерде қайта-қайта айтыла берсе, ондайды стильдік қате тіл жарлылығы деп білеміз. Әдетте қаламының ебі бар кісі бір сөзді қайта-қайта жазып оқушыны ығыр қылмайды, бір сөйлемнің ішінде қайталанған сөздер қайта сөйлемге экспрессивті-эмоциональдық үстемелік береді. Мысалы: Д.Исабековтің «Ай-Петри ақиқаты» кітабынан: *Ол кезде тіршіліктің барлық тіні мамаларына кеп тірелетін. Қорықса да «мама», қуанса да «мама», қайғырса да «мама», мамасыз омір жоқ еді. Енді олар «маманың» ақылына да, алақанына да, қосымша он бес тынына да зәру емес* [2,6]. Зейнеткер Зейнетпің балаларына деген өкпесі де, сағынышы да деген сөз тіркесінде «да» етістіктерінің өткен шақтық формада берілуі арқылы және «мама» сөзін қайталау арқылы сөйлемге ауыр жұқартып отыр.

Сөйлемдегі бір сөзді, кейде сөз тіркесін, кейде көмекші сөздердің қайталануы қайталаудың ерекше стильдік қызметіне жатады. Мысалы: «Ай Петри ақиқаты» кітабынан:

Шынымен бе, шынымен бе олардың осы кеткені кеткені ме? Енді олар мына қара шаңыраққа қайтып оралмай ма, бәрі мұны ортага алып, тұстұстан кеп «мамалап» ұмтылмай ма? Мұның енді ешкімге керек болмай қалганы ма? Расымен бе? Омір заңы деп айта беретін нәрсес осы ма? [2,6], — деп етістік құрамы -ма?, -ме? -ба? -бе? -па? -пе? сұрау есімдіктерінің қайталануы арқылы жасалған. Сол арқылы жазушы Зейнетпің алай-дулей көnlіндегі арпалысты көрсетіп отыр. Ол өзімен өзі сөйлесіп, ой түбіне түсіп кеткен, сұрактарына жауап алады, алмайды, біз оны білмейміз. Ол сұрактардың жауабы да жоқ, себебі жазушының шеберлігі де сонда. Біз оларға ешқашан жауап ала алмаймыз.

Адамды тану үшін өмірді көп көрген адамдарға көп нәрсенің керегі жоқ. «Өкпек жел» әңгімесінде анықтауыш әдебі қайталанып отырған мына сөйлемге назар аударайык.

Осы бір қысқа гана сөзден, қысқа гана еске алудан әңгіме исесінің мейірімділігін, жан дүниесінің тазалығы мен жақсы қасиеттерге байлығын, кешірімділігі мен дарқандығын, өмірге биіктен қарап, қыбыр-қыбыр тіршілікке жақсылық атаулыны көре білетін, бағалай білетін адам екендігін байқап откендей болды [2,13]. Осы жерде жазушы Зейнетпің адам танығыштық қасиетін көрсеткісі келген. Осы повестегі Зейнетпің баласына телефон шалатын жеріндегі:

— Элоу, иә! Мен гой, не болды? Неге кешігіп жатсындар? Неге кешігіп жатырсындар деймін? Таңертен шығамыз деп едіңдер, кеш болды гой жаңым-ау! Осындағы неге кешігіп жатсындар деген сөйлемнің екі рет қайталануында үлкен мән бар. Жазушы сол арқылы Зейнетпің баласын күте-күте шыдамының таусылғанын білдіргісі келіп отыр.

Кейбір сөздердің қайталануы кейде біреу не екеуден де асып кетеді. Мысалы осы повестегі мына сөйлемде өздік есімдігінің қосарланған өзімен-өзі сөзі үш рет қайталанады.

«Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?» дегендей, Зейнет те унсіз қалған аз уақыттың ішінде өзімен-өзі дауласып, өзін-өзі кінәлат, өзін-өзі арашалап алты шыққанына біршама қуанып, белгісіз бір кінә мен айыптың салмагынан құтылғандай болды. Бұл сөйлемдегі өзімен-өзі сөзін қайта-қайта айту арқылы бір сөйлемдегі әрбір бірынғай мүшеге ерекше назар аудартады.

О.Бүркіт «Қайталамалардың лингвистикалық жүйесі» атты еңбегінде қайталамалардың стилистикалық қызметі туралы жазады. Автор қайталамалардың тілдің ішкі деңгейіне сәйкес: дыбыстық, лексикалық, синтаксистік болып болінегіндегі токталады. Лексикалық қайталамалар туралы былай деп ой түйеді: «Қайталамалар түрлерінің ішінде толымдысы, қызмет ауқымының көн болып келетіні, әдеби тілдің функциональды стиль түрлерінің барлығында дерлік қолданылатыны – лексикалық қайталамалар» [3, 73].

Сөйлемнің бір мүшесін қайталау өсіреле шешендей өнердің көркем өдебиеттің ете ұтымды, әрі өсерлі тәсілінің бірі болады. Олардағы қайталаулар екі түрлі орайда эмоциялы-экспрессивті қызмет атқарады.

1.Анафора (басталуы бірдей) Мұнда қатар айтылған бірнеше сөйлем, кейде өлең шумағының бірнеше жолдары бір сөзден басталады. Сөзді солай кат-қабаттаң жұмысау арқылы ойды күшетуге, өсерлі етуге болады. Анафора қазақ тілінде өленді сөйлемдерде кездеседі деп айтсақ та Д. Исадековтің шығармаларын оқып отырып бұл пікір мүмкін асығыстау айтылған шығар деген пікірге кеп қаласың. Себебі, Д.Исадековтің қай шығармасын оқып отырсан да тұнып тұрған қайталаулар және оның барлығы да сөйлемнің мағынасын бұзып тұрған жоқ, керісінше сөйлемдерге ерекше екпін түсіртіп, сөйлемнің эмоциональды-экспрессивті мәнін көтеріп тұр.

Қанша ойласа да, **қанша** санасын сарылтса да, баларының өзіне деген бұрынғы ыстық ықыласын таба алмайтын сияқты [2.6]. Сұрау есімдігі арқылы келген қайталау сөздері сөйлемдегі кейіпкердің ой түбіне жете алмай тұрған мезетін, өзін-өзі жұбатып отырған сәтіне біздің назарымызды аударғысы келген сияқты.

Біресе анда тұрам дейді, **біресе** мұнда тұрам дейді.

Үлкен адам – дүниенің тұтқасы, **үлкен адам** – қолынан келмейтіні жоқ, құдіреттей бол көрінуші еди [2,30]. Зат есімнің анықтауыштық қызметінде тұрған үлкен сөзіне мән бергізу автордың ойы.

2. Эпифора (аяқталуы бірдей). Мұнда қатар айтылған сөйлемдердің, өлең жолдарының аяқталуы бірдей болады.

Мысалы: «Әрбір әйел танылмаган **планета**. Жай гана **планета** емес, әрқайсысы мұнлы **планета**» [2, 62].

Қазақ тілінде сөйлемнің соңында баяндауыш тұратындықтан, іргелес сөйлемдердің баяндауыштары қайталаңады. Сол арқылы кісінің ойы ерекше тәптіштеліп айтылған болады.

«Бәрін істеген **мен**, солдаттың көзін шыгарған де **мен**, құлагын жұлдып алған да **мен**,» деп, өз қолынан қағаз жазып, қол қойып беріпти [2,17]. Егер бұл жерде баяндауыштың ролін есімдіктен жасалған сөз аяқтап тұрса, келесі сөйлемде етістіктен жасалған сөз аяқтап тұр.

Не іше білмейді, не көңілдене білмейді [2, 71]. Ал мына жайылма сөйлемнің бірінші жартысындағы сөйлемдердің есімші формалы баяндауыштары қайталаңып келгенмен де, олар сөйлемнің

мағынасын бұзып тұрған жоқ, қайта одан сайын сөйлемге күш түсіріп, екпін беріп тұр.

Хан да өткен, қара да өткен, қайырыши мен бай да өткен, даныштан мен ақымақ та өткен, сойтін барып бәрі-бәрі ана дүниеден әділет тауып, бәрі бірдей кәдімі қаңқа суйекке айналған адамдар енді гана тенелгендей топырақ көрпелерін қымтайды жасаудың қыр басындағы «енди бәрібір» жалғаның құшагында үн-тұнсіз жастыр [2,71].

Сөздерді осылай, белгілі бір мақсатпен лайық қайталау бар да, мақсатыз қайталау да бар. Мақсатыз айтылған басы артық сөз көзге шыққан сүйелдей жазу стилін ауырлатып, сөйлемдердің мағынасын түсінуге ауырлық келтіреді. Кез келген жазушы сондықтан да құрастырған сөйлемдерінің оқырман көnlіне жете білуін, оның мағынасына мән бере жазуы керек. Яғни сөзге орын тар болсын, айтқан ойың кең болсын деген мақсат қойылады.

Ал мына үзіндіде “*Қайтеміз, ренжісе ренжір. Берсөң дос та бермесөң басың бос екен гой. Жақсы им оған қымбат болғанда маган неге қымбат емес, – деді есік жақтан көзін алмай. – Ит деген аты болмаса иттің де иті бар, әйтпесе атан түйесін атына қосақтап, оның үстінен екі бірдей тәбетімді ал деп Беріш қабының аузын босқа қайырып отыр дейсің бе? Сенің атың тұра тұрсын, менің атым жүре тұрсының кері де бұл. Болмашыга теріс айналуын қашан қояр екен, сірә!*”.

Сонымен бір сөзді бір сөйлем ішінде бірнеше рет қайталаудың да ерекше стильдік қызметі болады. Тура осындай стильдік қызмет бірыңғай мүшелерге де жүктеледі. Бірыңғай мүшелердің ол қызметін түсінү үшін біраз сөйлемдерге талдау жасап көрейік.

Құтырының алған Демесіннің қаһары мен айбарынан адам шошынарлықтай [2,75]. Бұл сөйлемдегі шығыс жалғаулы жанама толықтауыш адам шошынарлықтай деген баяндауышка тізбектеле бағынған. Егер осы сөзді жеке-жеке бөлшектеп баяндауышқа бағындыратын болсақ онда сөйлем өзінің қысқа әрі нұсқалығынан айырылған болар еді.

Жамау-жасқау, олпы-солпы киңген жетісегіз бала қаннен-қаперсіз сырғанақ төүіп жүр. Жыртық етік, шолақ тон, кең шалбар, тозған ма-лақайлардың көрмесі осы балалардың үстінде [2,71]. Екінші сөйлемде бірыңғай анықтауыштардың барлығына ілік септігі жалғанбай, ең соңғысына ғана жалғанып бәріне ортак болып отыр.

– *Сталиннің атымен бұйырамын, тоқта!* – деді ол әрі қорқынышты, әрі айбарлы үнмен [2,75]. Бұл сөйлемде бірыңғай мүшелер әрі жалғаулығы

арқылы жасалып туындысын есімге үстеме мағына беріп отыр.

Күйеулеріміз бен ага-інілерімізге, әкелерімізге оңай тиіп жатыр дейсіндер ме? Ел басындағы осындау ауыр хал ұры-қарылар мен шпаналарды көбейтіп жіберді [2,83].

Бұл сөйлемдерде бірынғай мүшелер -**бен** және -**мен** жалғаулықтары арқылы қосақталып жасалып, сөйлемдердің эмоциональды жағын күштеп отыр.

Бірынғай мүшелер жалғаулықтар арқылы байланысканда, кай жалғаулықты қандай сөз арасында пайдалануды білу керек. Мысалы: *Мағыналық жақындығы құшті сөздер арасына -мен жалғаулығы, әрқайсысының дербестігі бар бірынғай мүшелер арасына -және жалғаулығы қойылады*.

Біздің ауыл согысқа тек адам гана беріп қойған жосқ, оған тайлы -тұяғымен, еңбектеген бала мен еңкейген кәрісіне дейін, қатын-қалаш, қызы -қырқын, мал-жанымен, үмітімен, ниетімен, тілегімен, бүкіл болмысымен түгел қатысты [2,85].

Л.Т. Макұлова өзінің «Көркем прозадағы автор бейнесінің тілдік құрылымы» атты кандидаттық диссертациясында қысқаша мәтіндеге айтылатын жалаң аяқ жасар кешіп, қызыл аяқ қар кешіп, тілерсегін кісен қызы, ақбақай болған бұғаулы бозым деп берілетін тұлғалар сөйлемнің бірынғай мүшелері түрінде келеді деп жазады. Автор осының бәрін тізіп бере отырып, баяндалып отырған жағдайың ауырлығын, қындығын, ерекшелігін көрсетеді. Бозым деген сөздің қолданылуы да өзіндік үлкен экспрессивті-эмоциялық күш беріп тұр. *Айбозым, бозым атаулары өдетте, қайран ер, қайран адапазамат, ер деген мағынада жұмсалады*. Оның орнына тек адам, азамат, ер, Рысқұл сияқты атауларды пайдаланса, бозым өзінің эмоциялық ренін бере алмас еді, — дейді [4, 72]. Жоғарыда Д. Исабеков шығармалары бойынша көлтірілген мысалдағы сөйлемнің соңындағы бүкіл болмысымен сөзді басқа сөздермен алмастыруға болады. Бірақ одан сөйлемге ренқ беріп тұрған эмоциональдылық жойылған болар еді.

Бірынғай мүшелер (көбіне бастауыштар) тізбектеліп айтылады да, олардың ең соңғысына «көптік жалғауы» жалғанады, кейде одан кейін да, де жалғаулықтары қойылады. Мысалы: *Мал ұлаушылар, кісі тонаушылар, бір таба нанға бола адам өлтірушілер де соңғы кезде көбейіп кетті*.

Л.Т. Макұлова өзінің жоғарыда аталған ең-бегінде лексикалық қайталамалар жазушының

дарда стилін де, оның шеберлік деңгейін де танытат алатыны дау туғызбаса керек деп жазады. Жазушының дара стилін танытуда қайталамалар сентенция құбылысында да жиі қолданылады. Сентенция – афоризмнің бір түрі. Бұл философиялық, дидактикалық шығармаларда молынан жұмсалады. Шерхан Мұртазаның осындағы лексикалық қайталаманы колдануы көркем мәтінде таза стильдік қызмет атқарып тұр. Яғни оқырманның көнілін қайта-қайта аудару үшін пайдаланылған деп жазады [3,72]. Сол сияқты біз жоғарыда көлтірілген мысалда да Д. Исабеков бір таба нанға бола адам өлтірушілер деген сөз тіркесі осы сөйлемнің ауыр жүгін көтеріп тұр деп айтуда болады. Егер бұл тіркесті алып тастаса сөйлем өзінің эмоциональды сипатынан айырлып қалған болар еді.

Д. Исабеков шығармаларындағы қайталама сөздер, бірынғай мүшелер өте көп кездеседі, олар кейде белгілі бір ережеге бағынбай да кетеді, оның барлығы жазушының шеберлігі болса керек. Әрбір жазушының өзіндік қолтанбасы болатыны бесенеден белгілі, оны жазушының стилистикасынан көруге болады. Егер жазушылар М.Әуезов, Ш. Мұртаза, К. Жұмаділов стилистикасында сөйлемдер кесек-кесек түйдектеліп түсіп жатса, Д.Исабековтің шығармаларында мұндай сөйлемдер өте аз кездеседі. Ойының барлығын қыска сөйлемдермен беруге тырысады. Және өзі беріп отырған кейіпкердің тілімен сөйлейді.

ӘДЕБІЕТ

1. Балақаев М., Жанпейісов Е. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы: Дәүір, 2005. 256 б.
2. Исабеков Д. Ай-Петри ақыраты. Алматы: Жазушы, 1990. 287 б.
3. Буркіт О. Қайталамалардың лингвистикалық жүйесі. Алматы: Ғылым, 2001. 274 б.
4. Макұлова Л.Т. Көркем прозадағы автор бейнесінің тілдік құрылымы: Филол. ғыл. канд... дис. Алматы. 2004. 118 б.

Резюме

В статье рассматриваются проблемы использования однородных членов предложений и повторы в произведениях Д.Исабекова.

Summary

The problems of using homogeneous members of sentences and repetitions was shown in the D.Usabekov's works.